

Озат тәжірибе – сапалы білім берудің негізі

Білім саласында заман талабына сай жаңа мазмұн, жаңашыл әдіс-тәсілдер мен технологияларды тиімді қолдану арқылы сапалы білім беруге ұмтылу – бүгінгі күннің басты талабы. Осы мақсатта еліміздің білім беру жүйесінде озат тәжірибе үлгілерін анықтап, оларды тарату маңызды міндетке айналып отыр. Бұл бағытта мектептерде ұйымдастырылатын аудандық семинарлар мен тәжірибе алмасу алаңдарының рөлі ерекше.

"АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ - ТЕМІРҚАЗЫҚ" ТАҚЫРЫБЫНДА АУДАНДЫҚ СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ



Мектебімізде аудандық деңгейде «Абай.Толық адам және Мен» жобасы аясында «Өркениет» қоғамдық-гуманитарлық пән бірлестігінің «АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ-ТЕМІРҚАЗЫҚ» АТТЫ тақырыбында семинар өткізілді. Семинардың негізгі мақсаты – үздік педагогтердің іс-тәжірибесін насихаттау, заманауи әдістемелермен бөлісу және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру болды. Іс-шараға аудан мектептерінен келген білікті ұстаздар, әдіскерлер, жас мамандар қатысты. Семинар барысында әртүрлі пән мұғалімдері ашық сабақтар мен шеберлік сағаттарын өткізді. Әсіресе, оқытуда оқушы белсенділігін арттыру, критериалды бағалау, сараланған тапсырмаларды қолдану, АКТ құралдарын тиімді пайдалану, оқушының зерттеу қабілетін дамыту сияқты өзекті мәселелер жан-жақты қарастырылды.

Семинар барысында «АБАЙ. ТОЛЫҚ АДАМ ЖӘНЕ МЕН» жобасы аясындағы жоспарға сәйкес «Абай - дана, Абай - дара» айдарымен мектеп залының ашылу рәсімі болды, одан әрі оқушылар ұлы ақынның балалық шағынан бастап даналыққа дейінгі кезеңін шағын эпизодтармен суреттеді. Сонымен қатар мектеп мұғалімдері түрлі коучингтер мен шебер сыныптар өткізді. Атап айтар болсақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Утепова Сая «Абай мұрасы - халық ұлағаты» тақырыбында коучинг өткізіп, әріптестермен әдістемелік әдістерімен бөлісті. «Педагогические взгляды А. Кунанбаева» тақырыбында ұлы Абайдың қара сөздерімен өзекті мәселелерді ұштастыра отырып орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аскарова Алина шебер сынып өткізді. Тарих пәні мұғалімі Қазбаева Раушан «Төңкерілген оқыту» әдісін оқыту үдерісінде тиімді қолданудағы іс-тәжірибесімен әріптестер алдында бөлісті. «Сен де бір кірпіш дүниеге...» атты тренингте ағылшын тілі пәні мұғалімі Әбдіраш Анэль қызықты сергіту сәттерін

кірістіру арқылы қатысушыларды тиімді тәсілдерімен баурап алды. Семинар қорытындысында «Абай десе өлеңнен маржан табасың, Абай деп таны қазақтың байтақ даласын» тақырыбында шағын концерттік бағдарламада қатысушылар қойылым көріп, оқушылардан құрылған оркестрдің орындауындағы күй мен әнді тамашалады. Тарих пәні мұғалімі Жамет Алдиярдың «Абай мұрасы - ұрпаққа аманат» атты Жидебайдағы Абай мұражайына онлайн саяхатымен жалғасқан шара соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Дүзелбаева Гүлнар қорытынды сөз сөйлеп, мектеп ұжымына алғысын білдірді.



<https://www.facebook.com/share/v/1EaQtGsCAy/>



"ЕҢ ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ МЕКТЕП-2025"

2024-2025 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасының қорытынды кезеңінің рейтингі бойынша " ЕҢ ҮЗДІК 100 ОЛИМПИАДАЛЫҚ МЕКТЕП" қатарына 276 ОРТА МЕКТЕБІ еніп,білім көкжиегінде жетістікке жетті.

Бұл жетістік- шәкірттердің табандылығы мен ізденісінің,ұстаздар қауымының кәсіби шеберлігі мен ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қараудың,ата-аналардың сенімі мен қолдауының жемісі!Мектебіміздің абыройын асқақтатқан тарих пәнінің мұғалімі Қазбаева Раушан Жұмабекқызы өзінің терең білімінің, шығармашылық ізденісінің және сапалы әдістемесінің арқасында 10-сынып оқушы **Жеткерген Ерасыл** 2024-2025 оқу жылында қазақстан тарихы пәні бойынша **республикалық пәндік олимпиадада 1-орын** иеленді.



<https://www.facebook.com/share/p/1A4rhyNPeT/>

ШЫҒАРМАШЫЛ МҰҒАЛІМ-ЖОЛ СІЛТЕЙТІН ЖОЛБАСШЫ

Бүгінгі білім беру жүйесі шығармашылықпен жұмыс істейтін, жаңашыл идеяларды батыл енгізетін, заманауи технологияны шебер меңгерген мұғалімді қажет етеді. Шығармашыл ұстаз – жай ғана білім беруші емес, ол – оқушының қызығушылығын оятып, тұлғалық дамуына жол сілтейтін жолбасшы. Мектеп қабырғасында шығармашыл мұғалімдердің рөлі айрықша. Олар оқу процесіне дәстүрлі әдістермен қатар, интерактивті тәсілдерді, авторлық тапсырмаларды, жобалық оқытуды енгізу арқылы білім беруді жандандырады. Мұндай ұстаздар үнемі ізденіс үстінде жүріп, шәкірттерінің бойынан жасырын қабілеттерді ашуға ықпал етеді. Осындай мұғалімдер қатарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утепова Сая Арысжанқызы аудандық пресс-турда сабақ көрсетті.



Жалпы білім беру ұйымдарындағы педагогтердің шеберлігін арттыру, үздік инновациялық-педагогикалық тәжірибелерді тарату мақсатында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында аудандық “Үздік ҚМЖ -2024” байқауында ✓276 орта мектеп орыс тілінің пәнінің мұғалімі Тұяқбаева Нұргүл Дәулетбекқызы жүлделі I орынға ие болды.



2024-2025 оқу жылы бойынша «Идеялар алаңы» байқауында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер арасынан №276 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утепова Сая Арысжанқызы қатысып жүлделі II орынға ие болды.



[https://www.facebook.com/share/p/14MLhzFHdfp/»](https://www.facebook.com/share/p/14MLhzFHdfp/)

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ...

Қазалы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік жыл мұғалімі-2024» мен «Пән олимпиадасы-2025» байқауларының нәтижелері төмендегідей:

- **"ҮЗДІК ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ - 2024"** байқауында 276 орта мектеп орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Асқарова жүлделі I орынға ие болды;
- **«ҮЗДІК ТАРИХ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ-2024»** байқауында тарих пәнінің мұғалімі Қазбаева Раушан II орын;
- **«ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ-2025»** байқауында тарих пәнінің мұғалімі Қазбаева Раушан I орын;
- **«ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ-2025»** байқауында ағылшын пәнінің мұғалімі Әбдіраш Анэль II орын;
- **«ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ-2025»** байқауында орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ақбаев Қуандық III орын;

<https://www.facebook.com/share/19cjsiUzbA/>;

<https://www.facebook.com/share/19hoF725dq/>;

<https://www.facebook.com/share/1H6bw9KmxM/>;

<https://www.facebook.com/share/p/14MLhzFHdfp/>;

<https://www.facebook.com/share/1BJKKkxYB6/>;

"ҮЗДІК ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ-2023"

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті ✓276 орта мектептің математика пәні мұғалімі **ТӨЛЕПБЕРГЕН ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖАРЫЛҚАПҰЛЫ** Қазалы ауданының әкімі М.Оразымбетовтың қатысуымен өткен осы жылдың қорытынды кешінде, жыл үздіктерін марапаттау салтанатты шарасында ауданның білім саласына қосқан үлесі үшін **"ЖЫЛ ҮЗДІГІ-2023"** наминациясын иеленіп, Қазалы ауданы білім бөлімінің басшысы **Ә.Жөлекешовтың** қатысуымен өткен білім қызметкерлерін марапаттау қорытынды кешінде **"ҮЗДІК МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ-2023"** және **"ҮЗДІК ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ-2023"** дипломдарымен марапатталды.

ҮЗДІК Әріптесімізді осындай үлкен жетістіктерімен құттықтай отырып, отбасына амандық, толағай табыс, білім жолында бұданда биік белестерден көрінуін тілейміз!

Қазалы Ауданының Білім Бөлімі



<https://www.facebook.com/share/v/19tMXyeAst/>

"ҮЗДІК МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІ-2023"

«Үздік математика мұғалімі-2023» облыстық байқауында жүлдеді ІІ орын иеленді.



Қызылорда облысында «Жас ұстаз-табысқа апарар жол» атты облыстық жастар форумында сөз сөйледі.



2023 жыл Жас математика мұғалімдеріне арналған Қызылорда облыстық 1-ші шығармашылық байқауында Төлепберген Құдайберген ІІ дәрежелі диплом



«ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМНІҢ МОДЕЛІ»

Мектебіміздің математика мұғалімі жас та болса еңбекқор, білімді, жаңашыл мұғалім Төлепберген Құдайберген республиканың түрлі қалаларында конференцияларда сөз сөйлеп, оқу орталығы туралы таныстырылымдар жасады. Максимум онлайн курс орталығы мұғалімдердің ғана емес оқушылардың да білімдерін шыңдап отырған орталық.

Алматы қаласында математика, физика, информатика пәндері мұғалімдерінің X Халықаралық шығармашылық байқауы болып өтті. Бұл байқауға ТМД елдерінен және де Қазақстанның барлық өңірінен 350 ден аса мұғалім қатысты. Осы орайда аталмыш олимпиадаға мектебіміздің математика пәні мұғалімі Төлепберген Құдайберген құрметті қонақ ретінде шақырту алды. Еске сала кетейік Құдайберген Республикалық математика пәні мұғалімдерін оқытатын "Максимум" онлайн курсының негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Бұл байқауға қонақ ретінде барған Максимум онлайн курсының атынан өз әріптесіміз спикерлікке шығып *Заманауи мұғалімнің моделі* атты тақырыпта пленарлық отырыста сөз сөйледі. Сонымен қатар осы шара соңында олимпиаданың жүлдегерлеріне марапаттарын салтанатты түрде табыстады. Біз өз әріптесіміздің осындай үлкен халықаралық байқауға қонақ ретінде шақырту алғанына өте қуаныштымыз. Осылай мектебіміздің ауданымыздың, облысымыздың атын шығарып жүре бер деп тілек білдіре отыра сізге алдағы уақытта шығармашылық табыс тілейміз.

<https://www.facebook.com/share/v/1CVNcnMmGC/>



Ақмола облысы Қосшы қаласында, Ы.Алтынсарин ғылыми-практикалық академиясының ұйымдастыруымен «Цифрлық технологиялар мен инновациялар: білім беру жүйесінің жана дәуірі» атты Республикалық семинар болып өтті. Осы семинарға Maximum орталығы жайлы сөз қозғап, цифрлы білім беруді қолдайтынымызды және соның жолында жұмыс жасап үлес қосып жатқандығы туралы №276 орта мектептің мұғалімі Төлепберген Құдайберген сөз сөйледі



Қазалы ауданының газетіне Төлепберген Құдайберген туралы мақала жарияланды

"Үздік жас маман-2022"

Дене тәрбиесі мұғалімдері арасында өткізілген "Үздік жас маман-2022" аудандық байқауында мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ЖҰБАТҚАН НҮРКЕН жүлделі I орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды.



Республиканы бағындырған ұстаздар

Мұғалімдер арасындағы Республикалық спартакиадада "Қызылорда облысы" командасы жалпы командалық есепте II-орынды иеленді. Облыстың командасы сапасында білім ордамыздың дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жұбатқан Нүркен өнер көрсетті.



<https://www.facebook.com/share/p/16r1KjW5AG/?mibextid=wwXifr>

«АСЫҚ АТУДАН РЕСПУБЛИКА ЖҮЛДЕГЕРІ: ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ЖАҢА БЕЛГІСІ»

Астанада қаласында өткен Республикалық "АЛТЫН САҚА" олимпиадасы (Асық ату) жарысында №276 орта мектебіміздің оқушысы ТӨРТҚАРАБАЙ ЖАҢАБЕК қатысып, Республикалық кезеңде жүлделі 3 орынға ие болды. Жетекшісі: ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ АҚЖОЛ



<https://www.facebook.com/share/p/1Ayk6xc4TC/>

"Жыл үздігі"

"Жыл үздігі" болып дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ АҚЖОЛ, ЖҰБАТҚАН НҮРКЕН БОЛАТУҰЛЫ басқарма басшысы А.Есжановтың "Алғыс хатымен" марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/v/1GDFEByF6/>

«Алаш сақасы- 2025 »

Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы
Асық атудан 21 жастан жоғары ересектер арасында өткізілген облыс біріншілігінде ✓276 орта мектеп дене шынықтыру пәнінің мұғалімі АҚЖОЛ ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ қатысып жүлделі 1 орын және Павлодар қаласында өтетін Республикалық “АЛАШ САҚАСЫ” турниріне жолдама ие болды.



<https://www.facebook.com/share/p/1AwcQSMHuX/><https://www.facebook.com/share/19hoF725dq/>

«ҰЛТ ҰЛЫЛАРЫН ҰЛЫҚТАЙТЫН БАЛАСЫ БАР ЕЛ ТОЗБАЙДЫ»

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық». Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбай айтқан осындай озбақ ұлтты тәрбиелеу миссиясы бүгінгі күні мұғалімнің мойнында десек қателеспейміз. Киелі міндетті кемеліне жеткізуге ынтыққан ұстаз да көпке үлгіге айналатыны сөзсіз. Осы мақсатта бүгін №276 орта мектепте «Ұлттық педагогика – мұғалімнің кәсіби дамуының темірқазығы» мектеп жобасы аясында Абай. Толық адам және мен» атты аудандық семинар өтті.

Балаларға білім мен тәрбиені қазақы құндылықпен дарытуды көзген мектептің ауқымды шарасына аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов пен мектеп директорлары қатысып, ұлттық педагогиканы енгізу әдістерімен танысты.

Семинар Абайдың дүниеге келуін суреттейтін қойылымнан бастау алды. Мұнан соң «Асыл әжелер» мектебі «Желсіз түнде жарық ай» әуенін шырқады. Меймандар сонымен берге мектеп ауласында ұйымдастырылған көрме, жас ғалымдардың зерттеу жұмыстары, табиғат аясындағы кітапхана ерекшеліктерін ойға екшеледі.

Ал мектептің кіре берісіне жайғасқан «Балбөбек» оркестрі «Көзімнің қарасы» әуенін түрлі аспаптың үнін үйлестіре отырып орындап берді. Шара барысында Абай шығармалары жинақталған арнайы кабинеттің лентасы қиылып, ұстаздар өздері ойлап тапқан әдістемелік құралдарын көрсетті.

Аудандық семинар барысында Мейрамбек Жұмашов басшылық ететін мектеп мұғалімдері шебер сыныптар, дебат, театрланған қойылым ұйымдастырып, тәжірибе алмасуға келген ұстаздардың ризашылығына бөленді. Ұлттық педагогиканы жетілдіруге бағытталған шараның жоғары деңгейде ойластырылғанын ауданның бас ұстазы да тілге тиек етті.

– Ең алдымен ұжымның ортақ іске, әсіресе, Абайды дәріптеуге, ұлттық құндылықты ұлықтауда ауызбірлік танытып, жабыла жұмылғаны көз тойдырады. Мұғалімдердің жаңашылдыққа ұмтылысы осындағы оқушылардың ізденімпаздылығын оятары сөзсіз.

Абайдың қара сөздерін жатқа айтып тұрған ондаған шәкіртті көріп, тәнті болдым. Олар бас ақынның үзік түйіндерін шын ұғынып, жан дүниесімен сезінгендей көрінді. Қазақтың маңдайына біткен біртуар перзенттерін ұмытпайтын, олардың ұрпағына алаң болып жазған хатын ұлықтайтын балалары бар ел ешқашан тозбайды. Сондықтан ұлттық құндылықты төрге шығарған шараны ұйымдастыруға атсалысқан баршаңызға алғысымды білдіремін, — деді Әділхан Оңдасынұлы.

Аталмыш семинарда Төлепберген Құдайберген аудан мұғалімдеріне Максимум онлайн оқу орталығы туралы шебер сынып өткізді.



АЛҒЫС ТӨРІНДЕ

Шұғылалы көктемнің шырайлы мерекесі 8 наурыз - Халықаралық аналар мейрамы қарсаңында өз саласының білікті маманы әрі шынайы жанашыры, қоғамға қызмет етіп жүрген ✓ 276 орта мектебі оқу ісі жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі Аймишова Гүлшахар Мұратбайқызы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың құттықтау хатымен марапатталды құттықтаймыз!



"ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ-2025"

Пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық қабілеттерін және инновациялық ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасау, мұғалімдердің әдістемелік және ғылыми-практикалық шеберлігін арттыру мақсатында өткізілген "Пән олимпиадасы-2025" аудандық байқауында жүлдеді орын алғандар

География пәнінің мұғалімі Шатуова Бағдат Нұрсайынқызы – Алғыс хат

Биология пәнінің мұғалімі Дүзелбайқызы Әсел III орын

<https://www.facebook.com/share/p/1J7Q3gHHmx/>



«PISA-ҒА ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ» ТАҚЫРЫБЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ СЕМИНАР БОЛЫП ӨТТІ.

№276 орта мектепте «PISA-ға дайындау барысында STEAM технологиясы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбында Халықаралық зерттеулерге байланысты семинар болып өтті. Семинарды №276 орта мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі Аймишова Гүлшахар ашып беріп, жұмыс көрсетушілерге сәттілік тіледі. Физика пәні мұғалімі Қаламбай Назерке мен бастауыш сынып мұғалімі Құрман Ақсұлу жаратылыстану бағытындағы пәндер бірлестігінің дайындаған көрмесін таныстырудан бастап, одан әрі «PISA және жасанды интеллект: оқу сауаттылығын арттыруда жаңа технологиялардың ықпалы» атты қазақ тілі пәні мұғалімі Есіркепова Бақыткүл мен ағылшын тілі пәні мұғалімі Бақытжанова Гүлзаттың шебер сыныбымен жалғасты. Шебер сынып барысында мұғалімдер сурет қиындылары арқылы төрт топқа бөлініп, топ мүшелері құрастырған сурет пен топтарының атауларын байланыстыра отырып, тақырып ашты. Одан соң тірек сөздер мен суреттер арқылы мәтін құрау сынды тыңдалымалды тапсырманы ChatGPT қосымшасы арқылы орындап, оны түпнұсқамен салыстырды. Жасанды интеллект арқылы кейіпкерлердің өмір жолынан алынған үзінді бойынша STEAM технологиясымен мұғалімдер тапсырма орындады.

яғни, ғылым, өнер, математика сынды бағыттар бойынша өмірдегі кездесетін жағдайларды сабақ барысында қолданып, тәжірибе жүзінде көрсете білді.

Информатика пәнінің мұғалімі Құрбанова Жансая «PISA халықаралық зерттеуіне дайындық:



OnlineTestpad платформасының мүмкіндіктері» тақырыбында TED-X форматында тест құраудың тәсілдерімен және оның басқа да мүмкіндіктерімен келушілерді таныстырды.

Химия, биология пәнінің мұғалімдері Тағыбергенқызы Эльмира мен Дүзелбайқызы Әселдің «Педагогтің эмоционалды тұрақтылығы» атты тренингі де семинар қатысушыларына жақсы көңіл-күй сыйлады. Мұғалімдер «Өзіме-көршіме» әдісі арқылы танысып, қызықты сұрақтарға жауап берді, стакандардан пирамида құрастырды, түрлі-түсті қағаздарды жыртып, бейнелер жасады. Ментиметр сайты арқылы кері байланыс берілді.

Семинарды аудандық білім бөлімінің әдіскері Бертай Жауқазын қорытындылап, жауапкершілікпен атсалысқан мұғалімдерді «Алғыс хатпен» марапаттады.

Мұғалімдер бүгінгі күннен жақсы әсер алып, тәжірибе алмасқанын айтып тарасты.

<https://www.facebook.com/share/v/16yeNN9SXu/>

2022-2023 оқу жылы бойынша:

"АБАЙ ОҚУЛАРЫ" БАУҚАУЫНДА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРҒА ИЕ БОЛДЫ.

Ақберен Республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған "Абай оқулары" байқауында мектебіміздің 4 "А" сынып оқушылары қатысып Нұрдосқызы Кәусар жүлделі І орын, Жеткерген Бексұлтан жүлделі ІІ орынға ие болды құттықтаймыз!

Жетекшісі : Танабергеннова Ақгүл



<https://www.instagram.com/p/Cpfrq-INrxP/?igsh=MTBnNXllOGY5N2l2OA==>

"Ауыл мектептерінің 1-4 сынып оқушылары арасында "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында өткізілген облыстық жас суретшілер конкурсы

№276 орта мектептің 3 "В" сынып оқушысы Каналбай Эльвира "Ауыл мектептерінің 1-4 сынып оқушылары арасында "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында өткізілген облыстық жас суретшілер конкурсында ІІІ орынмен марапатталды. Жетекшісі Досаманова Алиевна



<https://www.instagram.com/p/CaAPKhUNSFb/?igsh=MWxjOTBrYmRqaXc5ag==>

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен "Ертегілер әлеміне бірге саяхат жасайық" атты театр өнерінің байқауы

Құттықтаймыз! Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті ✓ 276 орта мектебі Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен "Ертегілер әлеміне бірге саяхат жасайық" атты театр өнерінің байқауында мектебіміздің 4 А сыныбынан құрылған "Балдаурен" қуыршақ театры қатысып жүлделі I - орынға ие болды. Театр жетекшісі: Б.Әбиев Сынып жетекшісі: Б.Ербозова



<https://www.instagram.com/p/CkbpG-QNHhV/?igsh=MWhmZWpwb2hjbTR5NQ==>

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік "АЛТЫН ТҰҒЫР" олимпиадасы 2022 жылы 25 қараша күні Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік "АЛТЫН ТҰҒЫР" олимпиадасында ерекше көрсеткен жетістігі үшін бастауыш сынып мұғалімі Досанова Айгүл Әбдіқаниқызы "Zerdeli" ақыл-ой дамыту мектебі директорының III дәрежелі дипломымен марапатталды. Өріптесімізді жүлделі орынмен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!



<https://www.instagram.com/p/ClsmyvCIh-r/?igsh=MW85ZW9hemN1czMzYQ==>

"Аудандық пән мұғалімдері олимпиадасы -2022"

Мектеп мұғалімдеріне арналған «Пән олимпиадасы-2022» атты аудандық олимпиадада ерекше көзге түскен бастауыш сынып мұғалімі Канадбекова Жанар Алғыс хатпен марапатталады.



2023-2024 оқу жылы бойынша:

«Үздік жас маман-2023» облыстық байқауының аудандық кезеңі

«Үздік жас маман-2023» облыстық байқауының аудандық кезеңіне ✓ 276 орта мектебіміздің бастауыш пәні мұғалімі Құрман Ақсұлу Дастанқызы 3- кезең бойынша сынға түсіп 2- орын иеленді құттықтаймыз!



<https://www.instagram.com/p/CquLGipKKs4/?igsh=ZGhqdgH3amZmMjF6>

"ҮЗДІК ТӘРБИЕШІ-2024" аудандық байқауы

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, замануи педагогикалық тәжірибені тарату және ең үздік әдістемелерді айналдыру мақсатында өткізілген "ҮЗДІК ТӘРБИЕШІ-2024" аудандық байқауында ✓ 276 орта мектеп мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі Ербозова Бақыт Мұбаракқызы жүлделі І орынға ие болды.



<https://www.instagram.com/p/DC4c7o4ssHw/?igsh=MXN0ZWpjYmJzbDd0aw==>

"АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІГІҢ ЖЕЛІСІНЕН САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ"

1-11 сынып оқушылары арасында "Абай-Толық Адам және мен" жобасы аясында ұйымдастырылған "Абай-дана, Абай-дара, қазақта" атты аудандық байқауына қатысып "АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІГІҢ ЖЕЛІСІНЕН САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ" номинациясы бойынша ✓ 276 орта мектебі "Балдаурен" тобы жүлделі І орынға ие болды құттықтаймыз! Жетекшісі: Танабергенова Ақгүл

<https://www.instagram.com/p/CpN8ZrwsyG/?igsh=cjBhdTlhd2FnNXVl>

2024-2025 оқу жылы бойынша:

Аудандық «Ең үздік жазу каллиграфиясы» көркем жазу байқауы

Аудандық «Ең үздік жазу каллиграфиясы» көркем жазу байқауынан 1 «А» сынып оқушысы Бақытжанқызы Еркеназ II орынмен иеленді Жетекшісі: Сүлеймен Гүлмира



Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік "АЛТЫН ТҰҒЫР" олимпиадасы

2024 жылы Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік "АЛТЫН ТҰҒЫР" олимпиадасында ерекше көрсеткен жетістігі үшін бастауыш сынып мұғалімі Канадбекова Жанар II дәрежелі дипломымен марапатталды. Өріптесімізді жүлделі орынмен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!



Қорытындылай келе, озат тәжірибе – тек үлгі емес, ол – үздіксіз ізденістің, кәсіби дамудың, жаңашылдыққа ұмтылудың нәтижесі. Мұндай іс-шаралар білім сапасын арттыруға, педагог мәртебесін көтеруге, ал ең бастысы – сапалы ұрпақ тәрбиелеуге негіз болады. Үздік мұғалім мен үздік оқушының жеңісі – мектеп ұжымының табысты жұмысының жемісі.